

## "Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 шілдедегі № 133 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Мемлекеттік-мұлік-туралы" Зандарын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыдан туындастырылғанда де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қаңтардағы №7 "Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" және 2018 жылғы 11 желтоқсандағы №287 "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қаңтардағы №7 "Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулылары жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Т.Ж.Мендиғалиевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

F. Ескалиев

Батыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің  
2022 жылғы 8 шілдедегі  
№ 133 қаулысымен бекітілген

## "Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) сәулет, қала құрылышы және құрылыш

қызметінде мемлекеттік бақылау және қадағалау салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма ұйымдық -құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлөрі және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарманың, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылымы бақылауы басқармасы басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Х.Чурин көшесі, 116.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілермен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік органдың мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

Батыс Қазақстан облысының аумағында сәулет, қала құрылымы, құрылымы қызметі саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

Басқарма Батыс Қазақстан облысының аумағында сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласында инспекциялау, лицензиялау, аттестаттау жөніндегі міндеттерді жүзеге асырады.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі субъектілерінен Қазақстан Республикасының аумағында салынуы белгіленген және салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендер туралы ақпарат сұрату және алу;

техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалардан танысу үшін осы құрылыш бойынша қажетті жобалау және атқарушылық техникалық құжаттаманы, сондай-ақ тиісті жобалардың сараптама қорытындысын сұрату және олардан алу;

салынып жатқан объектілер конструкцияларының және қолданылатын құрылыш материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының жобаның және мемлекеттік (мемлекетарлық) нормативтердің талаптарына сәйкестігіне зертханалық сынақтар жүргізу үшін тәуелсіз зертханаларды тарту құқығы беріледі;

2) міндеттері:

салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендерге кедергісіз бару және оларда жүргізіліп жатқан құрылыш-монтаж жұмыстарын жедел инспекциялауды жүргізу;

құрылыш-монтаждау жұмыстары жүргізіле басталғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін, осы хабарлама алынған кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей объектілер мен кешендерге бару;

мемлекеттік нормативтерді бұзуға және (немесе) бекітілген жобалардан (жобалық шешімдерден) ауытқуға жол берілгендейдігі анықталған жағдайда мемлекеттік сәulet-құрылыш инспекциясы жол берілген бұзушылықтарды тапсырысшының (құрылыш салушының) және (немесе) мердігерлік құрылыш-монтаждау ұйымының (кәсіпорнының) белгіленген мерзімде жоюы туралы нұсқама шығарады;

мемлекеттік нормативтерді бұзуға және (немесе) бекітілген жобалардан (жобалау шешімінен) ауытқуға жол берілгендейдігі анықталған жағдайда Қазақстан Республикасы аумағында сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы барлық субъектілермен орындауға міндетті нұсқамалар береді және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар толтырады;

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңына сәйкес тексеру нысанында және өзге де нысандарда сәulet-құрылыш бақылауын және қадағалауды жүзеге асыру;

2) сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласында лицензиар функцияларын жүзеге асыру;

3) сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласында сараптама жұмыстарын және инжиниингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшыларды аттестаттау жөніндегі функцияларды жүзеге асыру;

4) сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу;

5) салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан және пайдалануға берілген объектілердің мониторингі;

6) жойылмайтын бұзушылықтарға жол берген, не жол берілген бұзушылықтарды белгіленген нормативтік мерзімде жоймаған заңды және лауазымды тұлғаларға қатысты заңнамада белгіленген шараларды қолдану;

7) техникалық және авторлық қадағалаулар қызметіне бақылауды жүзеге асыру;

8) объектілерді салу кезінде тапсырыс берушінің (меншік иесінің) техникалық және авторлық қадағалауларды ұйымдастыруына және жүзеге асыруына бақылауды жүзеге асыру.

### **3-тaraу. Мемлекеттік органдың бірінші басшысының мэртебесі, өкілеттіктері**

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

2) Басқарма бөлімдері басшылары мен қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

3) сыйайлас жемқорлықпен курес жөніндегі жұмыстарды жүргізеді және осы бағыттағы жұмысқа дербес жауап береді;

4) Басқарманың қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарманың қызметкерлерін ынталандыру, материалдық көмек көрсету, оларға тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

6) Басқарманың бөлімдері туралы ережелерді, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) өз құзыреті шеңберінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттарға қол қояды;

8) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарманың атынан өкілдік етеді;

9) гендерлік саясат мәселелері жөніндегі жұмыстарды жүргізеді және осы бағыттағы жұмысқа дербес жауап береді;

10) белгіленген тәртіппен қаржы-экономикалық және шаруашылық қызмет мәселелерін шешеді, бюджет қаражатының тиімді және мақсатты жұмсалуын бақылайды;

11) Басқарманың құзырына кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің, бағдарламалар жобаларының және басқа да құжаттардың орындалу барысын бақылайды.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

#### **4-тaraу. Мемлекеттік органдың мүлкі**

19. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тaraу. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

22. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.